



a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 09 (522) 31 мамыр 2022 жылы



ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ ӨЗБЕКСТАННЫҢ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТПАҚ

Ахмет Ясауи университеті Түркология ғылыми зерттеу институтының директоры, профессор Бүлент Байрам Өзбекстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында білім, ғылым, ғылыми-зерттеулер мен бірлескен ортақ жобаларды жүзеге асыру мақсатында Өзбекстанға барды.

Бұл сапар барысында Өзбекстан Республикасының Ташкент, Самарқан, Бұхара, Үргеніш, Нүкіс қалаларындағы жоғары оқу орындарымен келісімшарттар жасалып, алдағы уақытта ғылыми

байланыс нығая түседі деп күтілуде.

Алғашқы кездесу Әлішер Науай атындағы Ташкент Мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде өтті. Ташкент Мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің ректоры Ш.Сирождидиновпен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып, келесі жылы бірлесіп атқаратын іс-шаралар туралы жоспар жасалды.

Сондай-ақ, институт директоры, профессор Бүлент Байрам Самарқанның бірнеше жоғары оқу орындарында болып, кездесулер өткізді.

Кездесуден соң Түркология институтының ТИКА-мен жабдықталған кеңселерін аралап, ғылыми бағыттарымен танысты.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры профессор Бүлент Байрам Өзбекстандағы сапарын жалғастыруда. Бауырлас елдермен қарым-қатынасты одан әрі дамыту және келісімге қол қою үшін бірнеше оқу ордаларында болып, әріптестік кездесулер өткізді. Олардың қатарында Өзбекстан Ғылым академиясы Археология ғылыми-зерттеу институты, Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институты, Әлем тілдері университеті, Халықаралық Жібек жолы туризм және мәдени мұра университетінің басшыларымен кездесті. Бұл кездесулер түркология ғылымы үшін нәтижелі зерттеулерге жол ашады деп күтілуде.

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері



ЕЛ БҮГІНШІЛ, СІЗДІКІ ЕРТЕҢ ҮШІН!

Әр адамның жеке басын куәландыратын тәлқұжаты бар. Егер сол құжат талапқа сай болмаса, жүріп-тұру қиындайды әрі жеке өміріне қатысты мақсат-міндеттерін кедергісіз жүзеге асыра алмайды. Міне, сол сияқты мемлекеттің алға жылжуының бірден-бір кепілі – Ата Заңға ішінара өзгерістің енуін дұрыс қабылдауымыз қажет.

«Шіркін-ай, еліміз жақсы жағына қарай өзгерсе екен!» деген тәтті қиял әрбіріміздің жүрегіміздің түкпірінде жасырын жатқанын сіз бен біз жақсы білеміз. Ал, оның бірден-бір кепілі әрі құнды бағдары – халық мүддесіне жақындай түскен Ата Заң.

Дәл қазір Конституциямыздың халық қалауына қарай өзгеруі – әрбірімізге байланысты болып тұр. «Менсіз де түзетіп алар», «Билік өздерінің ыңғайына қарай икемдеп жатқан шығар», «Әй, қойшы, бұдан не өзгерер дейсің?» деген сияқты бұрма айтқыштардың сөзіне ермей, өз жүрегімізге құлақ түріп, өз қалауымызды білдірейік, ағайын! Референдум – әрқайсымызға еркін таңдау жасауға кепілдік беретін жалғыз тетік.

Ата Заңға енгелі отырған өзгерістермен таныс, оқы, түсін, түйсін. Сосын оны айналаңа – әріптестеріңе, достарыңа, туыстумаларыңа ұғындыр!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ

РЕФЕРЕНДУМ - ӨЗГЕРІСТЕР БАСТАУЫ

Таяуда оқу орнымызда өте маңызды жиын өтті. ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев университетіміздің ұжымымен және шәкірттерімізбен кездесіп, мәнді диалог құрды.

Сенат Спикері киелі шаһарымыз Түркістанға келіп, Ясауи бабамыздың жатқан жеріне зиярат етті. Халықпен кездесті. Осынау арнайы сапары аясында университетімізге келуі біз үшін үлкен мәртебе.

О баста жиынның негізгі мақсаты жалпыхалықтық Референдумның мән-маңызын талқылау болатын. Осы орайда, Мәулен Сағатханұлы кездесудің еркін форматта өткенін, қатысушылардың өз ойын ашық айтқанын қалады. Жоғарғы палата Төрағасы өз баяндамасында ресми мәліметпен бірге қарапайым сөз сөйлеп, Конституциядағы реформаларды көпшілікке түсінікті тілмен айтып берді. Меніңше, алдағы маңызды шара туралы әлі де екі ойлы болып жүрген азаматтарымыз осы кездесуден кейін көкейіндегі сұрақтарына жауап ала алды.

Референдум, бұл – демократияның іске асуы үшін қолданылатын ең негізгі инструмент. Елімізде 5 маусымда өтетін референдум тек қана өзгерістер енгізілген жаңа Конституцияның қабылданып, қабылданбауы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар еліміз азаматтарының сауатты саяси мәдениетінің қалыптасуына да ықпал етуі тұрғысынан айрықша мәнге ие. Бұл – ортақ Отанымыз Қазақстан үшін жаңа дәуір басталғанының көрінісі.

Сондай-ақ, Мәулен Сағатханұлы жастарымызға арнайы үн қатып, ағалық кеңесін айтты. Ол ұлы Абай атамыздың «Толық адам» деген тұжырымдамасын түсіндіре отырып, өмір бойы ілім-білім үйренуге, үнемі ізденіс үстінде болуға, жаңа технологияларды игеруге, әрдайым мейірімді мен жанашыр болуға, бойымыздағы энергияны дұрыс пайдалануға шақырды. Сенат төрағасының осы сөзінен кейін студенттеріміздің көзінен от көрдім, жігер алғанын байқадым, өте әсерлі сәт болды.

Кездесуде жастарымыз алдағы Референдумға қатысып, ел азаматы ретінде жауапкершілікті жақсы түсінетінін байқатты. Олар тарихи сәттің бір бөлшегі екенін де жақсы біледі. Мінберге шығып, сөз сөйлеген, ой-пікірін ортаға салған және сұрақтарын еш қымсынбай қоя алатын студенттеріміздің көп екені қуантады. Міне, осы жастар біздің келешегіміз, Жаңа Қазақстанның қозғаушы күші! Сенат Төрағасы да ерекше риза болып, алғысын айтты.

Ал жиын соңында Мәулен Сағатханұлының өзі естелік суретке түсуді ұсынып, бөрімізді жанына жинады. Тіпті, студенттермен бірге



селфи жасап, өзін айтып та үлгерді. Жоғары лауазымда бола тұрып, қарапайым болу - Жаңа Қазақстанның жаңа құндылықтары деген осы!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
университет ректоры

СЕНАТ СПИКЕРІ ЖАСТАРҒА ҮЛКЕН ҮМІТ АРТАТЫНЫН ЖАСЫРМАДЫ

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи Университетінің оқытушы-профессорлар құрамымен және студент-жастармен кездесті. Өзара диалог форматында өткен басқосуды университет ректоры Жанар Темірбекова жүргізіп отырды. «Референдум, бұл – демократияның іске асуы үшін қолданылатын ең негізгі құрал. Елімізде 5 маусымда өтетін референдум тек қана өзгерістер енгізілген жаңа Конституцияның қабылданып, қабылданбауы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар еліміз азаматтарының сауатты саяси мәдениетінің қалыптасуына да ықпал етуі тұрғысынан айрықша мәнге ие. Бұл – ортақ Отанымыз Қазақстан үшін жаңа дәуір басталғанының көрінісі», – деді ректор.

Кездесуде мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға қатысты ойлар айтылып, Конституциялық реформаның мәні мен маңызы сөз болды. Мәулен Сағатханұлы Ата заңға енгізу үшін ұсынылған түзетулерді жан-жақты түсіндіріп, алдағы референдумның мән-маңызына тоқталды: «Осы Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістер, жасалып жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты – мемлекетімізді күшейту, саяси жүйемізді әрі қарай дамыту және де халықтың әл-ауқатын арттырып, әсіресе жастарға барлық мүмкіндіктерді жасау. Қазір осы жаңа Қазақстанды дамыту үшін үлкен қадам жасалайын деп отыр. Бұл өте маңызды қадам. Сол қадамның табысты болуы үшін жастар өздерінің үлесін қосуы керек», – деді Сенат төрағасы. Мәулен Әшімбаев студент жастарға арнайы сөз арнап, Абай

Құнанбаевтың «Толық адам» тұжырымдамасының мәнін ұғындыруға тырысты. Көп оқып-ізденуге, зейін қабілеттерін арттырып, үнемі білімін жетілдіруге, жан-дүниесін мейірім мен жанашырлыққа толтырып, бойындағы қажыр-қайратын дұрыс пайдалануға ағалық кеңесін берді: «Қазіргі таңда білім алу өмірлік процеске айналды. Жай ғана сауатты болу жеткіліксіз. Университет қабырғасында бакалавр немесе магистр дәрежесін иелендім деп те тоқмейілсуге болмайды. Әрдайым ізденісте болу қажет. Өзіңді үздіксіз жетілдіріп отыру – жетістіктің негізі», – деді Жоғары Палата спикері. Жиында университет оқытушылары мен жастар да өз ойларын ортаға салды. Олар Конституцияға енгізілетін өзгерістер әділетті қоғамды құру, билік тармақтарының билігін қайта бөлу, құқық қорғау институттарын күшейту және т.б. халық үшін аса маңызды жаңғыртуларды қамтитынын айтты. Ал, жастар тарихи кезеңнің куәсі бола алатындарына қуанышты екенін жеткізді. «Ата Заңымызға енгізілетін түзетулер халықтың билікке араласу үлесін арттырады. Өз кезегінде, бұл жастардың болашаққа деген үмітін арттырып, ел игілігі үшін қызмет етуге ұмтылысын еселей түседі», – деді 1-курс студенті Бекболат Есентайұлы. Университет жастары елдегі құрдастарын мемлекетеміз үшін сын-сәтте бей-жай қалмай, белсенді дауыс беруге шақырды. Еркін форматта өткен кездесуде Жоғары Палата спикері студенттердің түрлі сұрақтарына жауап беріп, естелікке суретке түсті.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

ӘКЕДЕЙ ӘЗІЗ ҚҰЛЕКЕҢ!

Биыл көрнекті әдебиет сыншысы, қарымды қаламгер Құлбек Сәрсенұлы Ергөбек ағамыз мерейлі 70 жасқа толады! Жуырда абзал ағамыздың туған жері – Отырар өлкесі дүбірлі тойды бастап беріп, үлкен үлгі көрсетіп, өнегесімен тәнті етті. Жалпы, іргелес Отырар ауданы Түркістан қаласына рухани керуенмен келіп жатқан жайы бар. Құлбек ағамыздың 70 жылдығына арналып, «Қазақ руханиятының тарланы» аталған рухани сырласу кеші – көш-керуеннің бұйдасын ұстаған ілкімді іс болды.

Құлбек ағамыздың өз сөзімен айтқанда, ең ұзақ қызмет атқарған мекеме-төркіні – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен вице-ректор Асқар аға Тұрғанбаев бастаған топ арнайы барып, мерейтой иесін құттықтадық.

Вице-ректор университет ұжымының арнаулы сәлемін жеткізді. Сапарда болуына байланысты қатыса алмаған ректорымыз Жанар Амангелдіқызы Темірбекованың ыстық ықыласын жеткізіп, құттықтау хатын тапсырды және шапан жауып, құрмет көрсетті. Асқар Әбдуәлиұлы Құлбек ағамыз адами болмысы мен қаламгерлік һәм қайраткерлік тұлғасын сөзбен шебер сомдады. Түйіндей айтқанда, бүгінгі кеште сөз сөйлеген әрбір құттықтаушы жан-жүйемізге бойлап, ой толғады.

Біз үшін Құлбек ағамыз орны ерекше. Тағдыр талайымыз бізді ұстазбен университет қабырғасындағы алғашқы қадамымыздан бастап қауыштырды. Құлбек аға болашақ журналистерден шығармашылық емтихан қабылдайтын комиссияның төрағасы болды. Тұңғыш көруіміз. Алдына қобалжып кірдік. «Бердіқұловты білесің бе?» - деп сұрады. «Сейдахмет Бердіқұлов – қазақ спорт журналистикасының негізін қалаушы», - деп жауап бергеніміз есте.

Одан кейінгі студенттік жылдар мен қызметтік кезеңде Құлбек ағаға жақын жүруге тырыстық. Ұстаздың ұлағатынан үлгі ала жүруге талпындық. Өткен жылдарға ой жүгіртер болсақ, Құлбек ағамыздың әрқашан

қамқорлығын көріп, жылы лебізін естіп келеді екенбіз. Шүкір!

Жастар ұйымында қызметте жүргенде Құлбек ағамыздың ақыл-кеңесіне көп жүгіндік. Реті келсе болды ағамыздың жұмыс бөлмесіне асығатынбыз. Ұзақ әңгіме шертіп, алуан тақырыпты қозғайтынбыз. Жұмыс бабымен, әсіресе, ресми құжаттар мен бейресми мәтіндерді тексертіп алар едік. Бір жолы Қарағандыда өтетін Республика деңгейіндегі семинар-кеңеске стөнд дайындадық. Суретін сайлап, мәтінін апардық. Құлбек аға асықпай оқып шықты. Сосын: «Мына сөзді былай жазсақ қайтеді? Мына сөйлемді мынаған ауыстырайық», - деді. Жазғанымды мүлдем сызып тастаған жоқ. Байыппен қатемді түзеді. Ұмытылмас дәріс берді.

Университетіміздің 20 жылдығын мерекелеуге арналған жоспар түзіліп, іс-шаралар кестесі бекітілді. Араға жазғы демалыс кірді. Екі-үш айдан соң арнайы комиссия жиналыс жасады. Сонда 20 жылдық аясында өтетін конференция мен сенбілік мәселесінен ши шықты да, екі вице-президент мені қос өкпеден қысып кеп берді. Құлбек аға біршама үнсіз отырды да сөзге араласты. Комиссия мүшелеріне құзыреттерін еске салып, тойтарып тастады. Жиын аяқталған соң алғыс айттық. Сонда Құлбек аға қашанғысындай қамқор үнмен: «Жассың ғой. Бетің қайтып қалмасын дедім», - деді...

Академик Рахманқұл Бердібай ақсақал дүние салғанда Құлбек аға тік тұрып қызмет етті. Арнайы келген қонақтарды өзі күтіп алды. Қонақ үйде жайы болмайды деп, ұстазы Тұрсынбек Кәкішұлын өз шаңырағына түсірді. Баян апайдың кісіні керемет күтетінін көріп, қонақжайлылығына куә болдық. Түн ортасына дейін қос ұстаздың рухани сырласуын тыңдадық та отырдық. Сол жолы ақиық ақын ағамыз Мұхтар Шаханұлын күтіп алу үшін Шымкентке жол

тарттық. Қызметтік көлікте Құлбек ағамыз қатар жайғасып, жол қысқартып, әңгімеге ден қойдық. Құлбек аға бір орайда: «Мынадай қызметтік көліктерге бөксенді үйрете бергін. Біздерді қашанғы отырар дейсің», - деді. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы Өзбекәлі Жәнібек атамызды ұлықтау шараларын қолға алғанымызда да басты кеңесшіміз – Құлбек аға болып еді. Алматыдан майталман Қалила Омаров ағамызды арнайы алдырып, «Нәубет», «Алашорда», кейіннен «Қазақтың Бауыржаны» деректі фильмдерінің студенттерге көрсетілімін ұйымдастырғанымызда да Құлбек аға алдымызда жүрді.



Түркияға білім сапарына бет бұрған кезімізде Құлбек аға көп қамқорлық көрсетті. Жылы сөзімен жебеп, үмітімізді үкіледі. Қомақты қаржы берді. Өз жалақысы есебінен қаржы бергізе тұрып: «Азамат жолға жиналып жатыр ғой. Қиналып қалмасын», - деді.

Бертінде ұйқысыздық дерті жабысқанда қатты алаңдапты. Оны кейіннен бізге Баян апай айтты. Саулығымыз түзелгенде қауышып, бұрынғыдай ұзақ сырластық. Қоштасарда тағы да мол қаржы берді. Сондағы қамқор көңілі қаржыдан да құнды еді!..

Құлбек ағамыздың өзі ұлттық әдеби тарихымызды бірнеше ғасырға тереңдеткен және осы жолда мехнатты жолдан өткен Бейсенбай Кенжебайұлы мұрасының рухани шырақшысы ретінде белгілі. «Әкедей езіз Бейсекең!» - деп толғанып отырады, толғана жүріп, рухани әкесінің мұрасын ұлықтайды.

Біз де алдындағы асқар таудай алып ағаларына құлдай қызмет ететін, ізінен ерген інілеріне бектей аға боп келе жатқан рухани ұстазымызды: «Әкедей езіз Құлекең!» - деп қадір тұтамыз!

Мырзахан БАЙБОЛОВ,
Медиа орталығының
басшысы




ҒЫЛЫМ

30 ЖОБА АЯСЫНДА «ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАРЫ» ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Түбі бір түркі халықтарының арасындағы байланыс күннен-күнге артып келеді. Түркістан түркі жұртының рухани астанасы атанды. Қаламызда түркі жұртына хабар тарататын «ТҮРКІСТАН» телеарнасы іске қосылды. Шартарапта шашырай орналасқан түркі жұртының жастары Түркістанда білім алып жатқанына да міне 30 жылдан асты. Түбі бір түркі жұртының жастарын бір шаңырақ астына жинаған оқу ордамызда «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығы санаулы күндерде ашылғалы отыр. Осы орайда «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығының жеткшісі, спорт қайраткері, ұстаз-ғалым

Қашымхан Дәуренқұловпен сұқбаттасқан болатынбыз.



- Қашымхан мырза, көп жылдардан бері тоғызқұмалақ клубының жетекшісі болып, студенттерімізді ұлттық ойынға баулып келесіз. Алғаш клуб қалай ашылды?

- 2006 жылы Мақсат Шотаевпен бірге Ресейге іс-сапармен бардық. Жол ұзақ, әңгіме барысы ұлттық ойындарымыздың бірі тоғызқұмалақ барысында өрбіді. Осыған байланысты Мақсат аға көңілінде жүрген ойларымен бөлісті. Ол кісінің сөздерінің әсер еткені соншалықты, іс-сапардан келісімен университетте клуб құрып, ұлттық ойынымызды жастарға үйретуге кірісіп кеттік. 2006 жылдан бері шәкірттеріміз түрлі халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Бұл салада өз орнымыз бар десек те болады.

Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті Алихан Байменов, вице-президенті Мақсат Шотаевпен тығыз байланыста жұмыс атқарып жатырмыз. Жанар Темірбекова университетке басшылық жасағалы жан-жақты қолдау білдіріп отыр. Қазіргі таңда клубымыз «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» ғылыми-практикалық орталығы болып қайта құрылды.

- 30 жоба аясында іске қосылғалы отырған орталықтың дайындық барысы жайлы айта кетсеңіз?

- Орталық ашу біздің көкейде жүрген арманымыздың бірі еді. Осы ойымызды қолдап, жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отырған университет басшылығы. Өзіңіз көріп отырғандай ғылыми кітапхананың 4-ші қабатынан орын беріп, орналысып жатырмыз. Барлық қажетті жабдықтармен университет қамтамасыз етіп, жағдайымыз жасалуда.

«Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» ғылыми-практикалық

орталығы ойынды үйретіп қана қоймаймыз, ғылыми тұрғыда әдіс-тәсілдерін зерттеп, үйрететін боламыз.

Алдымызға 30 жылдыққа 30 шара өткізуді жоспарладық. Арнайы ашылмаса да біз жоспар бойынша жұмысымызды бастап кеттік. Маусымның 8-не ашылу салтанаты болады. 30 жылдыққа арналған жоспарымыздың ең ауқымдысы түркі ойындарының фестивалін өткізу. Фестивальді өткізуге университеттің мүмкіндіктері өте жоғары. Клубта ұлттық ойындардың 17 түрін қамтитын боламыз. Өзірге тоғызқұмалақ, мангала, бестемше ойын түрлерінен бастадық.

- Тоғызқұмалақ, мангала, бестемше ойындары жайлы айта кетсеңіз.

- Білімді тек кітаптан ғана алмаймыз. «Білім қайда болса да алындар»- дегендей, ұлттық құндылықтарымыздың бірі осы ұлттық ойындардан да алуға болады.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Бұл ойындардың ерекшелігі адамды сабырлы болуға, үндемей бақылауға, адамгершілік сияқты қасиеттерді ойыншының бойына сіңіреді.

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғызқұмалақ жақсы насихатталып, интернет арқылы жедел дамып келе жатыр. Елімізде оның жеке қауымдастығы бар. Осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президент, «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы Мақсат Шотаев деген азаматтарды атауға болады.

Мангала- түркінің ұлттық ойыны. 2020 жылдың 17 желтоқсанында "Мангала" ойыны ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізілді.

Бұл ойында екі адам ойнайды. Мангала ойыны 48 таспен ойналады. Әр ойыншының тақтасында 6 шұңқыр болады және оның ішінде төрт тас болады.

Әр ойыншының өзіне тиесілі бір ғана дорбасы болады. Әр ойыншы партияны жеңу үшін көптеген тастарды алуы керек. Ойыншының бүйіріндегі алты кішкентай тесік - ойыншының ойын алаңы, ал қарама-қарсы жағындағы алты тесік оның қарсыласына тиесілі болады.

"Мангала" ойыны логика мен дәл есептеулерді дамыту үшін өте пайдалы болып саналады, өйткені ойын барысында математикалық есеп жасау керек болады - қосу, азайту, көбейту және бөлу. Бұл ойын түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтай тұра, әр жастағы адамдар үшін өте пайдалы.

Бестемше – тоғызқұмалақтың барынша қарапайым жеңіл түрі. Бестемше арнайы тақтада, екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы -2 орда, 10 отау, 50 шардан тұрады. Бұл ойын балаларға арналған.

Бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп

тауып, ережесін қалпына келтірген зияткерлік ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев.

- Қашымхан мырза, өз отбасыңызда осы ойындар ойнала ма?

- Менің отбасымда жолдасымнан бастап, балаларымның барлығы бұл ойын түрлерінен хабары бар. Балаларым өз мектептерінің жүлдегері атанып та жүр.

- Істеріңізге сәттілік тілеймін, сұхбат бергеніңізге рахмет.

«Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығының Түркі әлеміндегі тұңғыш жоба ретінде біздің университетіміздің қабырғасында ашылғалы отыр. Ұлттық ойындарымызды жаңғыртуға мүмкіндіктер мол. Биылғы жылы Халықаралық университетіміздің 30 жылдық мерейтойы аясында маңызды 30 жоба қолға алынды. 30 жобаның бірі ретінде ашылатын жаңа орталықтың тұтас Түркі әлемінің зияткерлік ойындарының ұстаханасына айналатынына сеніміміз мол.

**Сұхбаттасқан:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА**



ТУҒАН ТІЛДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК

2017- жылы алғаш Қазақ еліне келгенімде өмірге келген авторлық туындымның бірі “ҚАЙРАН ЕЛ” күйі еді .

Кешелі бері қазақ елі небір қиындықты бастан кешіріп келеді .

Қазақстанға алғаш келгенімде өз “АНА” тілімнің қалы мүшкіл екенін көріп ,орыс тілді қандастарымның көптігі жанымды жылатқан еді .

Шыны керек орыс тілін білмегенімдіктен көптеген жерлерде жетім баладай өз елімде, өз жерімде жалғызсырап қалғандай күй кешіп жүрдім. Еркіндік деген осы ма?! Тәуелсіздік деген ұғым не үшін керек мұндай елге деген ойлар мені мазалай беретін. Қытай елінде жүргенімде ешқандай жерде өз ана тілімнің беделінің түскенін көрмеген едім, керек десеңіз қытайлардың өзімен қазақша сөйлесіп барынша оларға қазақшалап түсіндіріп, оларға үйретуге тырысатынмын.

Мен өскен жер ҚХР дың Алтай аймағы. Ол жердегі қытайлардың көпшілігі қазақ тілін түсіне алатын, әрі қазақ тілінде тұтықса да айтар ойын жеткізе алатын еді. (Мен оларды мақтап тұрғаным емес)

Ал осында келгелі өзімнің қаны бір қандастарымның қазақ тілін дұрыс меңгере алмай, орыс тілді болып кеткенін көріп төбемнен жай түскендей тілсіз қала бердім. Анау Алтайдағы қазақтар бүгінге дейін өз ана тілінің мәртебесін қорғап келеді. Елі күнге дейін салт-дәстүрімізді ұстанып

ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырып келеді.

Ал бұл жерде неліктен ана тілдің қадірі жоқ ? Көнермеген кешегі бабалардың аманаты қайда? Әр қазақты жалғызым дейтін қандасым қайда? Ел- жер десе еміренетін батырларым, шындықты бетке айтатын ақындарым қайда ? Ел қадірін, ұлт қадірін білетін ағаларым қайда ?! Міне дәл осы ойлар менің күй кеудемді толғандырып ,жүрегімді жылатып , нәтижесінде қасиетті қара домбырам жан мұңымды түсініп ,осы бір күйім өмірге келген еді. Міне, одан бері де 5 жыл өте шығыпты. Кеше ғана Абай облысы Жарма ауданында Жаңаөзен ауылымыздың атынан қойылған концертімізде тұңғыш рет сахна төрінде “ҚАЙРАН ЕЛ” атты күйімнің тұсауы кесілді. Бұл мен үшін екі келмес сәттердің бірі. Күй менің бауыр ет балапаным іспетті өз балапанымның биікке самғап, шыңдардан көрінуі мен үшін үлкен бақыт.

Қағыбатолла БӨКЕНҰЛЫ,
3-курс студенті



ТАРИХ. БҮГІН. БОЛАШАҚ

Үш әлем. Адам ғұмыры қарапайым. Туылу, ер жету, қартаю. Үш-ақ ауыз сөз. Еш қоспасыз, айта салуға оңай. Осы үшеу - үш кезең, үш тағдыр, үш үміт. Барлығы үштен тұрады. Бұған дейінде бұл тақырыпты қозғағанбыз. Бірақ, ашып сипаттай алмай келеміз. Бәлкім, мәңгі құпия шығар. Кім білсін?!

Тереңдеу. Әр халық өзінің тарихын мадақтайды. Оны теріс дейтіндер некен-саяқ шығар. Бәрінде батыр бар, шежіреге бай оқиғалар жетерлік. Гректер Афинасын, италяндықтар Римді, түріктер Османлы дәуірін мақтайды. Ал қытай, ресейліктерді айтпаса да түсінікті. Былай қарағанда тарихи оқиғаларға өте бай. Біздің ата-бабаларымыздың да атан түйеге артатын мол шежіресі әлі күнге дейін жұмбақ болып тұр. Міне, бұл – тарих. Өткен, кейбір сыры өшкен кезең. Нақ сол шақта не болғанын бір жаратушыдан басқа ешкім білмейді. Біле де алмас мүмкін! Жылжу. Біздің заманымыз бұрынғылар айтқандай – «түлкі заман». Тазының әлі келмей, әлсірегендей көрінеді. Қайтсін, жүгіріп, секіріп, шаршаған шығар. Бірақ, солай екен деп төрт

табандап жатып алуға болмайды.

Бүгінгі қоғам үш бөлікке бөлінген. Ескі көзқарасты құптаушылар. Заманауи әдіспен жүрушілер. Қиялмен күн кешетіндер. Осы үшеуі бір-біріне мүлде жат. Көзқарастары тоғыса қоймайды. Десе де, бір қоғамда жасап жатқан жайы бар.

Қазіргі адамдар неге, кімге иланарын білмейтін сияқты. Ақпараттардың көптігінен ми қорытып үлгермейді. Құдды «Матрица» фильмі болып жатқандай. Әрі қарай әркім өзі бағамдар. Қол созу... Арнайы үш нүкте қойдым. Кесіп-пішіп болашаққа болжам айтар біз емес. Десе де, болашақта бағамдау бұрынғыдай сағым емес. Тіпті, құпиялылығынан айырылғандай. Келешекте адамзат Марсқа, Галактикаға ұшып, жерден басқа жаққа қоныс аударатыны анық. Бұған, әрине, қолы жететіндер, аса ауқаттылар барады. Сосын жаппай тенденцияға ауысады. Олар үшін жер әлемнің қызығы түгесілгені қашан? Алдағы 5-10 жылда аспанда жеңіл көліктер ұшатын сияқты. Адамдар тілдесуді аңсайды-ау. Бірақ, сөйлесетін адам жоқ. Себебі, бәрі виртуалды әлемге өтіп кеткен. Сондықтан, арнайы мұң-шер тыңдайтындар көптеп пайда болады. Олардың қызметі ақылы болмақ. Роботтар жайлы айтудың өзі бір бөлек әңгіме. Олар адамның басқаруынан шығып кетуі де ғажап емес. Электронды жүйеден ақау шықса, арғысын білмедім! Әлемнің аса қарыштап дамыған елдерінде адам капиталы азайып, кенже дамушылары да әлі де туу көрсеткіші басымдау болмақ. Бәлкім, бәрі бір орталықтан қадағаланатын шығар. Барлық адамзат бір-бірімен араласып-құраласып кетуі мүмкін. Өткен ұмыт болмақ. Мұны жаһандану дейді. Түйін. Бүгінгі Үндістан негізін қалаушы Махатма Ганди «Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса» депті. Әр сәттің өз қадірі бар. Жоғарыдағы ойларды бір арнаға тоғыстырғанда осыған саяды. Жақсылықтан үмітіміз зор.

Азиза ЖОЛДЫБАЕВА,
ХҚТУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының
2 курс магистранты.



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ 30 ЖОБА – 30 БАҒЫТ

Биылғы жыл Қожа Ахмет Ясауи университетінің мерейлі жылы. Еңселі оқу ордасының іргетасының қаланғанына – 30 жыл! Түркі елдері арасында көш бастап, инновациялық және ғылыми дамуды мақсат еткен оқу ордасы бүгінде әлемдік оқу орындарының үздіктері қатарында. Егемендік алып, ел болған шақта бой көтерген оқу ордасы қазіргі таңда он үш мыңнан астам студентке білім беріп отыр. Тәуелсіздігімізбен тұспа – тұс келген университет мерейтойы қарсаңында жыл басынан бері іс-шаралар бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Солардың ең ауқымдысы – “30 жылға – 30 бағыт” атты жоба. Жобаны іске асыру бірден қолға алынып, өз нәтижесін бере бастады.

“Ана жұрттан ата жұртқа: 100 кітап” жобасы аясында ең танымал, ғылыми жүйедегі Түркиялық кітаптар қазақ тіліне аударыла бастады. Қазірдің өзінде он бір кітап қазақ тіліне аударылып үлгерді. Әлем елдері Қазақстанымызды “Қызғалдақтың отаны” деп біледі. Университетіміздің ботаникалық бағында қызғалдақ өсіріледі. Жобаның бастамасы қызғалдақты көбейту мен сақтауға мұрындық болып отыр. Ал, Түркістан қызғалдағы өз қауызын ашып үлгерді. Университетімізде денсаулық сақтау бойынша әртүрлі жоба, іс-шаралар іске асырылып келеді. “Ана жұрттан – ата жұртқа: Денсаулық көпірі” жобасы көптеген мүмкіншілігі жоқ, емдеуге мұқтаж жандар үшін оңтайлы болмақ. Жобаны іске асыру басталғаннан-ақ елімізге Түркиялық мамандар келіп, көз аурулары пластикалық оталарын жасады. Әртүрлі ауруларға шипа табылып, алты ота жасалынды. Лингвистикалық орталық пен тұрақты даму жолға қойылып, іске асыру басталып кетті.

“Ясауи көктемгі мектебі” бастау алып, Түркістан облысы мектептерінің қызметкерлері көктемдік тәжірибе алмасудан өтіп, арнайы сертификатталды.

Электроэнергетика, IT, Халықаралық қатынастар, медицина салалары бойынша “Қос дипломдық білім беру” жобасы жасалатын болады. Бұл білім беру жүйесіне оң өзгерістер енгізбек. Жобаны іске асыру мақсатында университет оқытушылары Түркия еліне іс сапармен барып та үлгерді. Онда Түркиядағы жоғарғы оқу орындарын аралап, білім беру аясында алдағы мақсаттар туралы талқылады.

“Түркістан екі мың қырық келешек келбеті” концепциясы да кезек күттірмей тұр. Концепцияның стратегиясын құру, бағдарламасын жасау қолға алынбақ. Түркияға іс-тәжірибе алмасуға, арнайы тренинг өткізіп, лекциялар тыңдап, саяхат жасауға университет үш жүз студентке мүмкіндік сыйламақ. Бұл да отыз жобаның негізгілерінің бірі. “Ахмет Ясауи тіл мектебі” шетелдіктер үшін қазақ тілін үйренуге

таптырмас мүмкіндік. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, тіл үйренуге ниетті жандардың тілегін орындамақ.

Өңірдің жасыл аймағына көрік беретін ботаникалық бақта толық реконструкцияланбақ. Одан бөлек, осы жылдың мамыр айында Теология факультеті мен “Түркология” ғылыми-институтының жаңа ғимаратының қазығы қағылады.

“Үш D модельдеу”, “Цифрлық педагогика”, “Электр жүйелерін цифрлы модельдеу” оқу зертханалары ашылып, Huawei IT Академиясы жұмыс істейді.

Түркістан-ежелгі қала. Мұнда тарихымыздың іздері жатыр. Түркістан қаласын зерттеу, көнеңің көзін ашу, археологиялық қазба жұмыстарын ұйымдастыру, материалдық емес, мәдени мұрасын зерттеу отыз жобаның тағы бір мақсаты.

Бұл жобалар университеттің ғана емес, тарихи қаланың да рухани әлеуетін арттырып, Түркиямен ықпалдастыққа да әсерін тигізбек. Түбі бір түркі жұртының баласын бір шаңырақ астына жинаған,



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

30 жылдық мерейтойына арналған 30 жоба



#30жылдық30жоба



үздік ғалым-зерттеушілер мен қызметкерлер еңбегі аясында оқу ордасының отыз жобасы белсенді түрде сәтті аяқталары сөзсіз. Ал жастар бұл мүмкіндікті пайдалана отырып, келешек үшін мұра қалдыруы, рухани құндылықтарды жоғалтпауы тиіс!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА, 3-курс студенті



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ 72. MÜTEVELLİ HEYET TOPLANTISI NURSULTAN'DA YAPILDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi 72. Mütevelli Heyet Toplantısı, 28 Mayıs 2022 Cumartesi günü Kazakistan'ın Nursultan şehrinde yapıldı. Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi'nde gerçekleşen toplantıya, Türkiye ve Kazakistan'dan Mütevelli Heyet Üyeleri katıldı.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'in oturma başkanlığında gerçekleşen 72. Mütevelli Heyet Toplantısına; Mütevelli Heyet Üyeleri Dr. Serdar Çam, Lezzat Turimbayeva, Ulan Tajibayev ve Rektör Dr. Janar Temirbekova katıldı.

72. Mütevelli Heyet Toplantısı, gündem maddelerinin görüşülmesinin ardından dilek ve temenniler bölümüyle sona erdi.



28 NISAN 2022 TARİHİNDE NAZARBAYEV FONU'NDAN DR. ARAY ILYASSOVA-SCHOENFELD "CAPACITY TO POLICY TRANSFER AND THE ROLE OF INDIVIDUALS: A CASE FROM KAZAKHSTAN" BAŞLIKLİ ONLINE SEMİNER VERDİ

Kazakistan'ın Bologna Süreci'ne katılımı üzerine yaptığı araştırması üzerine sunum yapan Dr. Aray Ilyassova-Schoenfeld, Kazakistan'ın Orta Asya'da, Bologna sürecine üye olan tek ülke olduğunu, bu üyeliğin uzun süre devam eden iş birliği ve müzakerelerin sonucunda gerçekleştiğini ifade etti.

Dr. Aray Ilyassova-Schoenfeld, uzun yıllar SSCB idaresinde kalan Kazakistan'ın eğitim alanında köklü sorunlarının olduğunu, ancak kurumsal düzeyde AB kurumları ile başlatılan iş birliğine bireylerin de aktif katkı sağlaması ile önemli adımlar atıldığını belirtti. Bu sürecin sonunda Kazakistan, yaptığı köklü reformlarla Bologna Süreci'ne dahil olabildi. Kazakistan'ın Bologna Süreci'ne katılımı yükseköğretimde dikkat çekici değişimlerin yaşanmasına neden olmuştur. Bologna Süreci'ne katılım sonrasında Kazakistan'daki üniversiteler de önemli yapısal değişime sahne olmuştur. Bunun sonucunda yıllar içerisinde üniversitelerin eğitim kalitesi artırılmış ve uluslararası sıralamalarda dereceleri yükselmiştir. Bu süreç diğer taraftan, öğrencilerin ve akademisyenlerin uluslararası hareketliliğini de hızlandırmıştır.

Seminer, katılımcıların soru, görüş ve değerlendirmeleri ile tamamlandı.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ HEYETİ KAZAKİSTAN VATANDAŞLAR FONU BAŞKANI ABZAL SAPARBEKULY'I ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Rektör Prof. Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR ve Genel Sekreter Ahmet Şevki ZENGİN'den oluşan Ahmet Yesevi Üniversitesi heyeti Kazakistan Vatandaşlar Fonu Başkanı Abzal Saparbekuly'i ziyaret ederek ikili iş birliği hususlarını değerlendirdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ EĞİTİM VE BİLİM BAKANİ ASKHAT AİMAGAMBETOV'U ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanı Askhat Aimagambetov'u ziyaret etti. Ziyarete üniversitemiz ile ilgili gelişmeler görüşüldü.

СОҢҒЫ БЕТ

СЫНАҚ ҒҰМЫР ТҮГЕЙДІ ТҮБІНДЕ БІР ...



Пенделіктің сөнер болса талап таңы,
Күндерінде таусылады санақтағы.
Мәңгілікке ештеңе де берілмеген,
Өмірге адамзаттың қонақ бәрі.
Кесірі көп болары хақ келте күннің,
Жалынына күйерсің сан өрт өмірдің.
Адамдардан жер бетінен дос таппайсың,
Иман ғана мәңгілік жан серігің.
Миды торлап, улаған санаңдағы,
Байлығыңда, мансабың да, қалар бәрі.
Бұл жалғанда бәрінің де шектеуі бар,
Көрсетеді бәрін атар таң алдағы.
Не алам деп құнықпа бұл өмірден,
Береді Алла бірін артық, біреуін кем.
Не қалар деп артыңда соны ойлағын,
Ештеңеде әкетпейсің біле білсең.
Төземіз ау, тірлікте бұл қинауға да,
Адамға тек құрметің сыйлау ғана.
Бұл жалғанда бәрінің де жоқ пайдасы,
Тек пайдалы жолдасың иман ғана.
Сынақ ғұмыр түгейді түбінде бір,
Өкінерміз бәлкім ертең бүгінге бұл.
Сен Алланың хақ жолымен жүре алмасаң,
Ахыретте болмайды екен жүгің жеңіл.
Ойлан бауыр құлатпас тірегің кім?
Тыңда досым қалауын жүрегіңнің.
Аманатын Алланың ақтамасаң,
Марапатын ала алмайсың бұл өмірдің.

Қағыбатолла БӨКЕНҰЛЫ

БАЙЛЫҚ ДЕГЕН БАҚЫТ ПА?!

Байлық десе көз алдымызға қыруар ақшасы мен қойма толы қазынасы бар адам елестері анық. Бай болып дүниенің буына мастанған, айналасына масаттана көз тастаған бақытты адам. Ал біз әдетте бай деп дүниесі бар жандарды айтамыз. Ешнәрсеге мұқтаж емес. Керек нәрсесін дүниенің түкпірінде болса да сатып ала алатын бақытты жандар. Ал байлардың бәрі де бақытты ма?! Газет бетінен оқыған мына бір оқиғаны баяндай кетсем деймін.

Бір кісі Билл Гейтске дүниедегі ең бай болып танылған кезінде оған сауал қойыпты:

-Дүниеде сізден де байырақ адам бар ма?

-Иә, менен байырақ адам бар. Ол кездерде мен әлі танымал, әрі бай емес едім.

Бір күні Нью-Йорк әуежайында газет сатып отырған бір кісіні көрдім. Ол адамнан газет сатып алмақшы болып, әмиянымды ашсам, ұсақ ақшаларым жоқ екен. Кейін сатушыға газетін қайтарып бердім.

Оған қарап: "Ұсақ-майда ақшам қалмапты, газетіңізді сатып ала алмаймын", дедім. Сол кезде сатушы: "Мейлі, сізге тегін беремін", - деді. Мен қызығып тұрған газетімді амалсыз алдым.

Арадан 2-3 ай өткенде, тағы да ол кісінің жанынан өттім. Ұсақ тиындарым болмай тағы да ала алмай тұр едім, сатушы маған: "Ала беріңіз, өзімнің есебімнен берейін. Бұдан мен еш зарар көрмеспін", деді. Мен газетін алдым.

Арадан 19 жыл өтіп, мен әлемге байлығыммен танымал болып шыға келдім. Бүткіл дүние мені тани бастады. Бір күні есіме әлгі газет сатушы түсті. Арнайы іздей бастадым. Бір жарым ай дегенде әрең тауып алдым. Ол кісіге: "Мені танысыз ба?", деп сұрадым.

-Иә, танимын, Сіз Билл Гейтссіз ғой деді ол.

-Есіңізде ме? Маған тегін газет берген едіңіз ғой, дедім.

-Есімде, екі мәрте бергенмін, - деді.

-Сол кездегі маған жасаған жәрдеміңіздің ақысын төлеп бермек үшін келдім. Өтінішіңізді айтыңыз, мен оны орындауға дайынмынмын дедім.

Сатушы маған қарап тұрды да:

"Сіз менің жақсылығыма жауап бере аламын, яғни мұнымен қарызымнан толықтай құтыламын деп тұрсыз ба? Мұнымен қарызыңыз өтелмейді", - деді.

-Неге, Қалайша?, деп аңтаң болдым.


-Мен сізге кембағал сатушы болған кезімде жәрдем берген едім, Сіз болсаңыз маған бай-дәулетті болған кезіңізде жәрдем бермекшісіз.

Дүниедегі ең бай адамға айналған кезіңіздегі жасайтын жәрдеміңіз, менің нашар кезде жасаған жәрдеміммен қалайша тең болсын?", - деді ол.

"Сол күні газет сатушыны менен де бай адам деп таныдым. Өйткені, ол адамдарға жәрдем беру арқылы өзінің бай болуын қаламаған екен.

Нағыз бай адам ол- ақшасы, дүниесі көп адам емес екен. Жүрегі бай адам нағыз бай адам екен", дейді Билл Гейтс сөзін аяқтап. Қазақта «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деген сөз айтылады. Яғни қиын кезде қол ұшын берген жанды ұмытуға болмас.

Біздің елде демеуші болып елдің жоғын жоқтаған атымтай Жомарттар баршылық. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған елдің ұрпағымыз. «Малға жарлылық - жарлылық, ақылға жарлылық - сорлылық» деген тәмсілді ұстанған халқымыз қандай қиын жағдайда да ел болып жұмыла көтеруге кіріскен. Әр қазақ бай болсын! Бар болсын!



Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru